

Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

Төрт құбылыс Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» — десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.

Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? — деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

Орныңды тап Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады.

Әр түсті заттар
Тәрбиешінің алдында қос-қостан бірнеше суреттер болады. Олар: екі шырша, екі қайық, екі жапырақ т.с.с. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін, түр-түсін сипаттап береді. Жүргізуші балаларға белгілі бір түсті атайды. Балалар сол түске сәйкес заттың атын атап беруге тиісті. Отырған балалар кезекпен жауап беріп отырады. Мысалы: қызыл алма, сары балапан т.с.с.

Ойыншықты сипатта: Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады. **Сөзді есінде сақта** Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

көктем – жаңбыр, жаз – күн шықты, аспан – бұлт, жер – шөп.

Есте	сақтауға	арналған	жаттығулар
Есте	сақтауға	арналған	жаттығулар
Сиқырлы			саусақтар

1. Таң қалу (екі қолдың бас бармағын көтеру). 2. Өзінді көрсету (бір саусақпен).

3. 3. Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру).

Қорқыту (сұқ саусақпен).

5. Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру).

Менің елім

1. Қай елде тұрасыңдар?

2. Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?

3. Біздің қаламызда немесе ауылда қандай көшелер бар?

4. Сен қай көшеде тұрасың?

5. Ел, жер, Отан туралы қандай тақпақ білесің?

Сөз

моншақтар

Жүргізуші балаларға бір сөз айтады, ол сөздің басында қандай әріп есітілетінін сұрайды. Соңғы әріпке сәйкес келесі сөз ойлап оны бала жалғастырады. Осылайша «жіпке тізген моншақтай» сөз моншақтарын тізіп айтуға жаттығады. Қай бала көп сөзді есінде сақтап, көп сөз ойласа, сол бала жеңіске жетеді, ол жаңа сөзді өзі бастап ойынды жүргізеді.

Қорытындылай келе:

1. Есті дамытуға болады және керек.
2. Есте сақтау қабілетін қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін әр түрлі тәсілдерді, қозғалыс ойындарын, жаттығуларды қолдануға болады.

Біз өз жұмысымызда көптеген ойын түрлерін пайдаланып көрдік. Соның ішінде балаларға қызықты және өзіміздің жұмыс жасауымызға тиімді деп мына ойын түрлерін атап айтуға болады. Олар:

Қимыл қозғалыс ойындары (Дене шынықтыру, сергіту сәттерінде жүзеге асады)

Еске сақтау нүктелерін орналастыр (Карточка түрінде орындалады)

Суреттегі затты еске сақта (Барлық ұйымдастыру кезеңінде қолданылады)

Аталған жұмысымызда кемшіліктер де кездесіп отырды. Бұл кемшіліктерді біз баланың денсаулығына, әлеуметтік жағдайына, ата-анамен бірлесе отырып жасасақ баланың еске сақтау қабілетін жоғары деңгейге арттыру нәтижесіне жеткізуіміз мүмкін.